

әдіснамасы, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі, зерттеуші педагогтің әдіснамалық мәдениеті туралы ғылыми-практикалық білімдерді жүйелеп, сипаттады. Оқулық педагогика әдіснамасынан осыған дейінгі жарық көрген оқу құралдарының логикалық құрылымын талдау нәтижесінде, жаңа түрпаттағы педагогтің ғылыми-зерттеушілік және әдіснамалық мәдениетін қалыптастырудың авторлық тұжырымдамасына негізделіп жасалды. Сондықтан, оқулықта: ғылымның жалпыөндік моделі; ғылым философиясындағы ғылыми білімнің даму тұжырымдамалары; педагогика ғылымы әдіснамасының даму кезеңдері; педагогикалық зерттеулердегі әдіснамалық тұғырлар және ұстанымдар жүйесі; диалектиканың заңдары, категориялары, ұстанымдары, тұғырлары, әдістерінің педагогикалық зерттеу әдіснамасы ретінде пайдаланылуы қарастырылды.

Оқулықтың негізгі мақсаты – докторанттарға, педагогикалық зерттеудің әдіснамасының мәнін және әдіснамалық бағдарларды түсінуге, зерттеу мақсатында әдіснамалық білімдерді пайдалану тетіктерін меңгеруге көмектесу. Оқулық білім алушыларды педагогика әдіснамасының мағынасымен, құрылымымен, қызметімен, оның даму тарихымен, педагогикалық зерттеудің ғылыми, ұғымдық, өлшемдік аппаратын құрастыру әдістемесімен таныстырады. Оқулықта ғылыми-педагогикалық зерттеулердің теориялық және эмпирикалық әдістері сипатталған, зерттеушінің әдіснамалық тезаурусы, педагогика әдіснамасынан тесттер берілген. Әр тараудың соңында докторанттарға өз білімдерін тексеруге сұрақтар мен тапсырмалар, оқулық мазмұнына сәйкес кестелер, логикалық-құрылымдық сызбалар ұсынылған.

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасының оқу пәні ретіндегі құрылымы» атты логикалық-құрылымдық сызбалар ұсынылған.

Бұл оқулық автордың көпжылдық ғылыми-зерттеу тәжірибесінің және Қазақстан Республикасы Президенті халықаралық «Болашақ» бағдарламасы аясында Ресей Білім Академиясындағы өткен тағылымнамасы нәтижесінде дайындалып отыр.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // Ана тілі. № 52 (1153) 21 желтоқсан 2012 – 4 қантар 2013 жыл, 1, 8-13 беттер.
2. Алиев У.Ж. Теоретическая экономика: общедисциплинарная модель. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 348 с.
3. Бордовская Н.В. Педагогическая системология: учебное пособие. – М.: Дрофа, 2009. – 464 с.
4. Кохановский В.П. Философия и методология науки: Учебник для высших учебных заведений. – Ростов на Дону.: «Феникс», 1999. – 576 с.
5. Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 400 с.
6. Кун Т. Структура научных революций. – М.: Политиздат, 1975.
7. Лакатос И. Избранные произведения по философии и методологии науки / Пер. С англ.. – М.: Академический проект; Трикста, 2008. – 475 с.
8. Лукацкий М.А. Методологические ориентиры педагогической науки: учебное пособие. Тула: Гриф и К, 2011. 448 с.
9. Прикот О.Г. Лекции по философии педагогики. СПб., 1998.
10. Философия и методология науки: Для аспирантов и магистрантов / Под ред. К.Х. Рахматуллина и др. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 403 с.

Ташкеева Г.К., Мурадов А.Д.

К ВОПРОСУ ОРГАНИЗАЦИИ ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

Современное общество формирует социальную потребность в поколении, способном жить и развиваться в пространстве интеллектоемких, наукоемких, информационно насыщенных технологий; требует развития способности ориентироваться и действовать в постоянно меняющемся мире производства, бизнеса, общественно-политической жизни. В таком обществе решающее значение имеет переход от фундаментальных знаний к инновациям и обеспечение подготовки специалиста к конкретной работе.